

Төлеби ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы № 244 "Жоғары білім беретін оқу орындардың, колледж және кесіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдамасын үйімдастыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 маусымдағы N 234 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 8 шілдеде N 14-13-74 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы N 123 қаулысымен

**Ескеरту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2011.02.28 N 123 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 31 наурыздағы "Өнірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер мен нысаналы даму трансфертерін және республикалық ұйымдарға бөлінетін қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы" № 259 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жоғарғы білім беретін оқу орындардың, колледж және кесіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдамасын үйімдастыру туралы" Төлеби ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы № 244 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-13-55 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 3 маусымында "Ленгір жаршысы" газетінің № 24 санында жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулының 7-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Жастар тағылымдамасына қатысуышылардың ай сайын нақты жұмыс атқарған уақыты үшін ағымдағы нысаналы трансфертерден аударылатын орташа айлық аударымдар мөлшерін міндепті зейнетақы жарналары мен жеке табыс салығын" қоса алғанда, жұмысқа орналастырылатын жоспарлы саны мен

қатысу мерзімін ескере отырып, уәкілетті органмен төленеді".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ә.Тұрғымбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК